

«Қазақстанның депозиттерге  
кепілдік беру қоры» АҚ  
Директорлар кеңесінің 2021  
жылғы «09» маусымдағы  
№15 шешімімен бекітілген

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ  
депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің  
депозиторларына ақпарат беру  
ТӘРТІБІ**

## **Мазмұны**

1 тарау. Жалпы ережелер.....	3
2 тарау. Ақпарат беру арналары.....	4
3 тарау. Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі мен тәртібі туралы депозиторларға ақпарат беру тәртібі .....	5
4 тарау. Кепілдік берілген өтемді төлеу басталған күннен бастап бір жыл ішінде кепілдік берілген өтемді алуға өтініш бермеген депозиторларға ақпарат беру тәртібі.....	8
5 тарау. Қорытынды ережелер.....	8

## 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің депозиторларына ақпарат беру тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Жарғыға және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.

Тәртіп ақпарат берудің (байланыс арналары) әртүрлі әдістері мен нысандарын қолдана отырып, барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп тарату үдерісіндегі депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің депозиторлары арасында кепілдік берілген өтемді төлеудің мерзімі мен тәртібі туралы ақпарат беру-түсіндіру (ақпарат беру, кері байланысты ұсыну, ақыл-кеңес беру, қаржылық сауаттылықты арттыру) жұмыстарын жүргізу үдерісін регламенттейді.

2. Тәртіпте Заңда көрсетілген ұғымдар, сондай-ақ мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) агенттік – Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;

2) агент банк - депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын және Қормен жасалған келісімнің негізінде депозиторларға кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк;

3) банк – барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп тарату үдерісіндегі банк, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң қызметiн мәжбүрлеп тоқтатқан филиалы;

4) қатысушы банк – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын, тартылған депозиттерін қайтару жөніндегі міндеттемелеріне осы Заңға сәйкес кепілдік берілетін банк (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы);

5) кепілдік берілген өтем – Заңға сәйкес Қор кепілдік берілген депозит бойынша депозиторға төлейтін ақша сомасы;

6) депозитор – жеке тұлға, оның қатарында қатысушы банкпен банк шоты шартын және (немесе) банк салымы шартын жасасқан, не болмаса өз пайдасына салым салынған дара кәсіпкерлік субъектісі, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, қорғаушы және кәсіпқой медиатор;

7) БЖЗҚ – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ;

8) ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

9) кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы – кепілдік берілген өтемді

төлеу басталған күннен бастап бір жыл ішінде депозитор талап етпеген өтем сомасы;

10) баспасөз релизі – Қордың бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарататын ресми ақпараттық хабарламасы;

11) ДКЖ – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі;

12) БАҚ, бұқаралық ақпарат құралдары – мерзімді баспасөз басылымы, теле, радиоарна, талдамалы және жаңалықтар интернет-ресурсы;

13) төлемдердің электрондық порталы – Қордың қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған күнге жасалған кепілдік берілген депозиттер бойынша кепілді өтемнің есеп-қисабы бар депозиторлар тізілімін қамтитын және кепілді өтемді төлеуге өтініштер қабылдауға, сондай-ақ кепілді өтемді төлеудің автоматтандырылған есебін жүргізуге арналған ақпараттық жүйесі.

3. Тәртіп 2021 жылдың 1 мамырына дейін барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп тарату үдерісіндегі банктердің депозиторларына қолданылады.

## 2-тарау. Ақпарат беру арналары

4. Қор банк депозиторларына ақпарат беруді мына коммуникация арналары (осыларды қосқанда, бірақ бұлармен шектелмейді) бойынша тұрақты негізде жүзеге асырады:

1) республикалық және өңірлік БАҚ (мақалалар, баспасөз хабарламалары, БАҚ сауалдарына жауаптар);

2) Қордың ресми сайты **www.kdif.kz**;

3) Қордың Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі **deposit.kz** ресми парақшалары;

4) Қордың қатысушы банктердің бөлімшелерінде таратылатын басылымдық ақпараттық өнімдері.

5. Депозиторларға ақыл-кеңес беру және кері байланыс ұсыну Қордың ақпараттық қызметінің ажырамасы бөлігі болып табылады. Депозиторларға ақыл-кеңес беру мына кері байланыс арналары (соларды қосқанда, бірақ олармен шектелмейді) арқылы жүзеге асырылады:

1) Қордың **1460** нөмірі бойынша байланыс орталығы;

2) Қордың **www.kdif.kz** сайтындағы чат-боты;

3) **info@kdif.kz** электрондық поштасы;

4) Facebook, Instagram (**deposit.kz**) және Telegram-чат (**KDIF\_ask**) әлеуметтік желілері арқылы.

6. Қор қосымша ретінде серіктестердің (ҚРҰБ, Агенттік, қатысушы банктер, Ұлттық пошта операторы – «Қазпошта» АҚ және «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы) КЕАҚ (халыққа қызмет көрсету орталықтары) коммуникация арналарын пайдаланады.

Банк депозиторлары арасында кепілдік берілген өтемді төлеудің мерзімі мен тәртібі, оның ішінде кепілдік берілген өтемді алуға онлайн

(электронды нысанда) түрінде өтініш беру әдісі туралы ақпаратты таратудың қосымша көзі - «электрондық үкімет» порталы, ал төлем мерзімі аяқталғанға дейін депозитор кепілдік берілген өтемді алуға өтініш бермеген жағдайда Қордың талап етілмеген өтемді депозитордың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (БЖЗҚ) ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру заңнамасында қарастырылған тәртіпте аудару шарты туралы қосымша ақпарат көзі – БЖЗҚ ақпарат ресурсы болып табылады.

Қатысушы банктер Заңда көзделген міндеттемелерін орындау аясында клиенттерін (депозиторларын) қатысушы банк куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, өзінің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы хабарлауға, сондай-ақ банктік шот шартын және (немесе) банктік салым шартын жасасқан кезде – кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы, оның ішінде өтемнің талап етілмеген сомасын Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударуы туралы хабардар етуге міндетті.

### **3-тарау. Депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі мен тәртібі туралы ақпарат беру тәртібі**

7. Қор кепілдік берілген өтемді төлеу туралы банктердің депозиторларына төлемнің әрбір кезеңінде Тәртіптің 2-Тарауында көрсетілген коммуникация арналары арқылы хабарлап отырады.

8. Бірінші кезең – қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру. Банк лицензиясынан айырылған күні Қор Заңда көзделген мерзім ішінде оның депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеуді ұйымдастыру және оны төлеу тәртібі туралы, сондай-ақ ақыл-кеңес алу үшін Қордың байланыс деректерін хабарлайды. Сонымен қатар Қор банк депозиторларына банктің уақытша әкімшілігінің (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған филиалының тарату комиссиясының) жұмыс тәртібі мен байланыс деректері туралы ақпарат береді.

9. Екінші кезең – кепілдік берілген өтемді төлеудің басталу күні. Қор қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде кепілдік берілген өтемді жүзеге асыратын агент банктердің тізбесін көрсете отырып, кепілдік берілген өтемді төлеудің басталу күні, төлем мерзімі, орындары немесе Заңның 23-бабында көзделген жағдайда, кепілдік берілген өтемді төлеудің басталуын кейінге қалдыру туралы қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз

басылымдарында, БАҚ, Қордың ресми сайтында және Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі deposit.kz парақшасында жариялайды.

«Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері бүкіл Қазақстан Республикасы аумағына тарайтын (республикалық БАҚ) мерзімді баспасөз басылымы болып табылады.

Кепілдік берілген өтемді төлеу басталатын күн Қор хабарландыруды жариялаған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Кепілдік берілген өтемді төлеу кейінге қалдырылған жағдайда Қор төлемнің басталуы, төлем мерзімі, төлеу орындары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және Қордың ресми сайтында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы хабарлайды.

Кепілдік берілген өтемді төлеу басталатын күн туралы ақпарат банктің, агент банктердің, Агенттіктің және ҚРҰБ интернет ресурстарында орналастырылады.

Депозитор көрсетілген ақпаратты Тәртіптің 2-Тарауында көрсетілген кері байланыс арналары арқылы тікелей Қордан алуға құқылы.

10. Кепілдік берілген өтемді төлеудің басталу күні туралы ақпарат жарияланғаннан кейін Қор агент банктермен бірге депозиторларға төлем тәртібі, өтінішті беру әдісі, сондай-ақ өтем алуға қажетті құжаттар туралы Тәртіптің 2-Тарауында көрсетілген кері байланыс арналары арқылы ақыл-кеңес береді. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен депозиторлардың сауалдарына жауап береді. Қордың 1460 нөмірі бойынша байланыс орталығы – кері байланыстың негізгі арнасы болып табылады.

11. Үшінші кезең – кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі: кепілдік берілген өтемді төлеудің басталу күнінен бастап бір жыл ішінде<sup>1</sup>. Қор төлем мерзімі барысында мерзімді негізде:

жалпы статистикалық деректерді көрсете отырып, банк депозиторларына төленген кепілдік берілген өтем сомасы туралы өзекті мәліметтерге;

кепілдік берілген өтемді (төлемдердің электрондық порталы, «электрондық үкімет» порталы немесе тікелей агент банк арқылы) алу тәсілдеріне;

банк депозиторларының кепілдік берілген өтемді төлеу басталған күннен бастап бір ішінде өтем алуға өтініш берулері қажеттігі туралы ақпаратқа;

төлем мерзімі аяқталған соң, талап етілмеген кепілдік берілген өтемді БЖЗҚ-ға аудару шарттары туралы ақпаратқа арналған ақпараттық

---

<sup>1</sup> Барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп тарату үдерісіндегі қатысушы банктердің депозиторлары 2022 жылдың 1 мамырына дейін Қорға электронды нысанда төлемдердің электрондық порталы немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы не болмаса тиісті агент банкке кепілдік берілген өтемді алу үшін жүгіне алады.

хабарламаларды бұқаралық ақпарат құралдарында, Қордың ресми сайты мен Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі **deposit.kz** ресми парақшасында жариялап отырады.

Сонымен қатар кепілдік берілген өтемді алуға өтініш беру тәсілдері, төлем мерзімінің аяқталғандығы және банк депозиторлары талап етпеген кепілдік берілген өтем сомасын БЖЗҚ-ға аудару шарттары туралы ақпарат Қордың басылымдық ақпараттық өнімдері және басқа да мультимедиялық форматтары (мысалы, ақпараттық роликтер), оның ішінде қатысушы банктердің интернет-ресурстары мен бөлімшелерінде орналастырылған ақпараттық хабарламалары арқылы таратылады.

12. Төртінші кезең – кепілдік берілген өтемді төлеу кезеңінің (мерзімінің) аяқталуы. Қор кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі өткенге дейін 30 (отыз) жұмыс күні бұрын кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімінің аяқталатын күні және кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасының БЖЗҚ-ға аударылатыны туралы қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты республикалық маңызға ие мерзімді баспасөз басылымдарында, БАҚ, Қордың ресми сайтында және Facebook пен Instagram әлеуметтік желілеріндегі deposit.kz ресми парақшаларында жариялайды. Сондай-ақ Қор Тәртіптің 4- Тарауына сәйкес кепілдік берілген өтемді алуға өтініш бермеген депозиторлардың хабарлау құралдары мен арналарын пайдаланады. Оған қоса Қор төлем басталған күннен кейін жарты жыл өткен соң, банктің депозиторларын төлем мерзімі аяқталатын күн және талап етілмеген кепілдік берілген өтемді БЖЗҚ-ға аудару шарттары туралы міндетті түрде хабардар етеді.

13. Бесінші кезең – кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі аяқталған соң. Қор талап етілмеген кепілдік берілген өтемді БЖЗҚ-ға аударғаннан кейін банк депозиторлары БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинет, мобильді қосымшасы және қызмет көрсету кеңселері, «электрондық үкімет» порталы арқылы ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмені ала алады немесе талап етілмеген кепілдік берілген өтем сомасы туралы ақпарат алу үшін Қорға тікелей жүгінуге мүмкіндіктері бар.

Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі аяқталған соң, Қор банктердің депозиторларына төлем мерзімі кезеңінде оларға өтініш беруге кедергі келтірген келесі мән-жайлар болған кезде кепілдік берілген өтем алуға өтініш беру мерзімі туралы хабарлайды:

- әскери қызметке кіруі;
- Қазақстанның шегінен тыс жерде болуы;
- мұра қабылдау және мұраны иемденуге немесе ашуға байланысты өзге де себептер;
- бас бостандығынан айыру орындарында болуы;
- сот анықтаған өзге де мән-жайлар.

14. Банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін Қор кепілдік берілген ең жоғары сомадан артық ақшалары

банк депозиторларына банктің тарату комиссиясының (Қазақстан Республикасы бейрезидет банкінің қызметі мәжбүрлі түрде тоқтатылып жатқан тарату комиссиясының) жұмыс тәртібі мен байланыс деректері туралы хабарлайды. Сондай-ақ Қор банк депозиторларын банкті мәжбүрлеп тарату рәсімінің аяқталғандығы (банкті мәжбүрлеп тарату (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату) туралы мәліметтердің Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілуі) туралы хабардар етеді.

15. Қор қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында қатысушы банктердің депозиторларына депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысты басқа да сұрақтар бойынша ақпарат беруге құқылы.

#### **4-тарау. Кепілдік берілген өтемді төлеу басталған күннен бастап бір жыл ішінде өтем алуға өтініш бермеген депозиторларға ақпарат беру тәртібі**

16. Қор Тәртіптің 3-Тарауында қарастырылған ақпарат беру құралдары және арналарынан бөлек кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі аяқталғанға дейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде кепілдік берілген өтемді алуға жүгінбеген депозиторларға Қорда өзекті дербес деректер болған жағдайда (Қордың мобильді қосымшасын пайдаланушылар үшін) СМС хабарлама және push-хабарлама арқылы хабар таратады. Банк депозиторы төлем кезеңі барысында төлемдердің электрондық порталы немесе Қордың мобильді қосымшасы арқылы кепілдік берілген өтем сомасын тексеру жолымен өзінің ұялы телефонының нөмірін өзектендіріп алуға құқылы.

17. Қор техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда кепілдік берілген өтемді алуға өтініш бермеген депозиторларға ақпарат берудің басқа да тәсілдері мен нысандарын, мысалы, «электрондық үкімет» порталының жеке кабинеті мен мобильді қосымшасын, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің интернет-банкингі мен мобильді қосымшаларын және басқаларды пайдалануға құқылы.

#### **5-Тарау. Қорытынды ережелер**

18. Осы Тәртіпшен реттелмеген сұрақтар Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасына сәйкес шешіледі.